



## Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 22 қарашадағы № 372қ Жарлығы.

Үзінді

"Қазақстан Республикасының Президенті туралы" 1995 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 17-1-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

2. Қоса беріліп отырған:

2) Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

5. Қазақстан Республикасын Ұлттық қауіпсіздік комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен осы Жарлықтан туындайтын шаралардың қабылдауын қамтамасыз етсін.

6. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Н. Назарбаев

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2016 жылғы 22 қарашадағы  
№ 372қ Жарлығымен  
БЕКІТІЛГЕН

## Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

1. "Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 1 сәуірдегі № 2922 Жарлығында:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті туралы ережеде:

1-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Ұлттық қауіпсіздік комитеті өз өкілеттігі шегінде Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының (бұдан әрі — ұлттық қауіпсіздік органдары) бірыңғай жүйесіне, барлау, қарсы барлау, жедел іздестіру қызметіне, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын (бұдан әрі - Мемлекеттік шекара) күзетуге, Үкіметтік байланыс қызметінің және "А" Арнаулы мақсаттағы қызметінің міндеттерін

іске асыруға басшылықты, сондай-ақ оның құзыретіне жатқызылған қызмет салаларындағы ведомствоаралық үйлестіруді жүзеге асырады.";

1-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1-1. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ведомстволық бағынысты ұйымдары, аумақтық және өзге де органдары, сондай-ақ мынадай: Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі (күпия), Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Үкіметтік байланыс қызметі (күпия), Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің "А" Арнаулы мақсаттағы қызметі (күпия) ведомстволары бар.";

мынадай мазмұндағы 12-1-1-тармақпен толықтырылсын:

"12-1-1. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің "А" Арнаулы мақсаттағы қызметінің функциялары:

- 1) (күпия);
- 2) (күпия);
- 3) (күпия);
- 4) (күпия);
- 5) (күпия);
- 6) (күпия);
- 7) (күпия);
- 8) (күпия);
- 9) (күпия);
- 10) (күпия);
- 11) (күпия);
- 12) (күпия);
- 13) (күпия);
- 14) (күпия);
- 15) (күпия);
- 16) (күпия);
- 17) (күпия);
- 18) (күпия);
- 19) (күпия);
- 20) (күпия);
- 21) (күпия);
- 22) (күпия);
- 23) (күпия);
- 24) (күпия);
- 25) (күпия);
- 26) (күпия);
- 27) (күпия);

- 28) (құпия);
- 29) (құпия);
- 30) (құпия);
- 31) (құпия);
- 32) (құпия);
- 33) (құпия);

16-тармақ мынадай мазмұндағы 125-29) тармақшамен толықтырылсын:

"125-29) Ұлттық қауіпсіздік органдарының кадр құрамын және олардың отбасы мүшелерін қызметтік міндеттерін орындауға байланысты оларды құқыққа қайшы қол сұғушылықтан қорғауды ұйымдастыру және қамтамасыз ету жөніндегі қағидаларды бекітеді;"

"Ұлттық қауіпсіздік комитетінің және оның ведомстволарының қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің тізбесі" бөлімінің "Ұлттық қауіпсіздік комитеті" кіші бөлімінде:

1-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің "А" Арнаулы мақсаттағы қызметі (құпия).";

13-жол алып тасталсын.

**2. Күші жойылды - ҚР Президентінің 05.05.2017 № 470 Жарлығымен.**

3. Құпия.

4. Құпия.

5. "Қазақстан Республикасының әскери қызметшілері, құқық қорғау органдары, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі өртке қарсы қызмет органдары мен прокуратура органдарының қызметкерлері лауазымдарының санаттары бойынша тізілімдерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы № 1283 Жарлығында: 12-қосымша ("Қызмет бабында пайдалану үшін" белгісімен).

**6. Күші жойылды - ҚР Президентінің 05.05.2018 № 681 Жарлығымен.**

7. Құпия.